

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің
№1 а ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

20.11.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Ауезов Батырхан Нағашбекович; АК мүшелері- п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна, PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы, жұмыс беруші өкілі: Атагүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна, №23 ІТ мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгул Абдуллаевна, білімгерлер: 7М01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның магистранты Ақтай Жансая; 6В01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның студенті Жайлау Аяжан Қуандыққызы.

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде

1. «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері» («Основы сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра»), «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (ABA, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» («Международные методики работы при РАС (ABA, PECS, TEACCH, сенсорная интеграция)»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» («Раннее вмешательство при РАС в дошкольных организациях») атты қолданбалы оқытуларды педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер ретінде білім беру бағдарламаларына, силлабустарына және пән кешендеріне қажетті өзгерістерді енгізіп бекіту

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критерийлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп бекіту

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Саламатсыздар ма, күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 14.10.2025 жылғы №14-0/4036 хаты негізінде «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері, «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері, «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» атты педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер енгізу бойынша атқарылатын жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салаып талқыласақ.

Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна: Аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ) – баланың әлеуметтік өзара әрекеттесу, коммуникация, мінез-құлық және сенсорлық өңдеу салаларында айқын ерекшеліктермен сипатталатын нейроөстік даму бұзылысы. АСБ бар балаларды қолдау – олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, білім алуына, әлеуметтенуіне, қарым-қатынас орнатуына және күнделікті өмірде мүмкіндігінше дербес болуына бағытталған кешенді шаралар жүйесі.

Осы орайда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің 14.10.2025 жылғы №14-0/4036 хаты негізінде Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша Білім беру бағдарламасына төменде көрсетілген педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер, бағдарламалары мен силлабустарына және пән кешендеріне қажетті өзгерістерді енгізіліп бекітуге ұсыныс жасар едім.

1. Инклюзивті білім беру ортасы

2. Балалардың ЖЕ және физиологиялық даму ерекшеліктері

АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Жоғарыда келтірілген мәселелерге сәйкес ұсыныстарыңыз болса талдау жасайық.

АК мүшесі PhD, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы: «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері» («Основы сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра»), «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (ABA, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» («Международные методики работы при РАС (ABA, PECS, TEACCH, сенсорная интеграция)»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» («Раннее вмешательство при РАС в дошкольных организациях») атты қолданбалы оқытуларды кафедрада жүргілетін 6B0313- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6B01323- Бастауыш білім беру ІР Білім беру бағдарламалары бойынша практикалар 2025-2026 оқу жылының 2 семестрінен бастап жүзеге асырылса деп ұсыныс айтар едім.

1. Мұғалім кәсібіне кіріспе оқу практикасы 1 курс үшін

2. Психологиялық және педагогикалық бағалау 2 курс үшін

3. Педагогикалық технология 3 курс үшін

4. Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар 4 курс үшін

АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Жоғарыдағы ұсыныстарға талдау жүргізіп, тиісті ұйымдастыру жұмыстары нақтыланады. Осыған орай АК мүшелері тарапынан қолдау тауып, бекітілуге ұсынылды.

АК мүшелері ұсыныстарды бірауыздан қолдады.

Шешім:

1. «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері» («Основы сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра»), «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (ABA, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» («Международные методики работы при РАС (ABA, PECS, TEACCH, сенсорная интеграция)»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» («Раннее вмешательство при РАС в дошкольных организациях») атты қолданбалы оқытуларды педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер ретінде білім беру бағдарламаларына, силлабустарына және пән кешендеріне қажетті өзгерістерді енгізіп бекітуге ұсынылсын.

2. «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларды қолдау негіздері» («Основы сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра»), «Аутизм спектрінің бұзылуымен жұмыс істеудің халықаралық әдістері (ABA, PECS, TEACCH, сенсорлық интеграция)» («Международные методики работы при РАС (ABA, PECS, TEACCH, сенсорная интеграция)»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың аутизм спектрінің бұзылуына ерте араласуы» («Раннее вмешательство при РАС в дошкольных организациях») атты қолданбалы оқытуларды педагогикалық компоненттер құрамына кіретін пәндердің мазмұнына қосымша модульдер ретінде білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне қажетті өзгерістерді енгізуге кафедрада оқытылатын 6B0313 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6B01323 Бастауыш білім беру ІР Білім беру бағдарламалары бойынша практикалар 2025-2026 оқу жылының 2 семестрінен жүзеге асырылсын.

Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Университетте «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында жүзеге асырылатын педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаның құндылыққа бағытталған мазмұнын күшейту және жаңа ұлттық «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критериларына өзгерістер

мен толықтырулар енгізу бойынша атқарылатын жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында болашақ мұғалімнің кәсіби этикасын, әлеуметтік жауапкершілігін және рухани мәдениетін дамытудың негізгі механизмі болып табылады. Сондықтан, Педагогикалық зерттеулер, Академиялық жазбаға кіріспе пәндерінің мазмұнына толықтырулар енгізілсе деп ұсыныс айтар едім. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылап көрейік. Мысалы «Ғылыми зерттеулер әдістері» пәнінің практикалық сабақтарында Ғылыми зерттеулердегі академиялық адалдық пен жасанды интеллектіні пайдалану тәжірибелерін кеңінен пайдаланса «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толықтырады. Сонымен қатар, академиялық қағидаттар шеңберінде ғылыми этика және академиялық адалдық принциптерін сақтайды деген пікір білдіргім келеді.

АК мүшесі PhD, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы: Пәндердің әр модуліне кіріктірілетін жаңартылған тақырыптар, сонымен бірге студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған қосымша практикалық тапсырмалар ұсынылса және талқылау барысында ұсынылған пікірлер мен толықтыруларды ескере отырып, педагогикалық компоненттерге кіретін пәндердің мазмұнын жаңарту қажеттілігін ескерсе.

Атап айтқанда, пәндердің оқу бағдарламаларын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестендіру үшін төмендегі пәндердің мазмұнына қосымша силлабустарына және пән кешендеріне қажетті толықтырулармен өзгерістерді енгізіп бекітуге ұсынылса.

1. Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары;
2. Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары;
3. Бағалау және дамыту;
4. Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, ІР 1-курс);
5. Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, ІР 2-курс);
6. Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс);
7. Өндірістік-педагогикалық практика, (4-курс);
8. Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4 курс).

Жұмыс беруші өкілі: Атагүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна: Қазіргі білім беру жүйесі тек білімді, педагогикалық шеберлігі қалыптасқан маманды ғана емес, сонымен бірге адамгершілік ұстанымы берік, жоғары мәдениетті, адал, жауапты тұлғаны талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда болашақ педагогтың кәсіби этикасы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен тығыз байланысты. Бағдарламада көрсетілген негізгі құндылықтар – адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, еңбекқорлық және парасаттылық – мұғалім мамандығының кәсіби этикалық нормаларымен толық үйлесетіндігін нақтылығым келеді.

Жұмыс беруші өкілі: №23 ІТ мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгул Абдуллаевна: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы болашақ мұғалім тұлғасына ерекше талаптар қояды. Аталған бағдарлама болашақ педагогтарды адамгершілікке, әділдікке, адалдыққа бағыттайды. Сондықтан болашақ мұғалімнің кәсіби этикасы – тек жеке мәдениет көрсеткіші емес, ол ұлттық тәрбие жүйесінің стратегиялық құрамдас бөлігі болғандықтан тәрбие жоспарларында да көрініс тапқаны абзал деп ой қосқым келеді.


АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Құрметті әріптестер, АК мүшелері Университеттегі тәрбие жұмысының бағдарлама құндылықтарын назарға алу қажет екендігін айтқым келеді. Мысалы, «Адалдық кодексі», Студенттік өзін-өзі басқару, Қоғамдық жұмысқа белсенді қатысу сияқты іс-әрекеттер болашақ мұғалімнің кәсіби

этикасын қалыптастырып, оның жауапкершілігін, азаматтық ұстанымын, адалдық пен әділдікке негізделген мінез-құлқын нығайтуға ықпал етеді. Ендеше, қарсы болмасаңыздар, төмендегідей шешімді жүзеге асыруды жөн деп санаймын. АК мүшелері ұсыныстарды бірауыздан қолдады.

Шешім:

1.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен толық сәйкестік орнату мақсатында төмендегі пәндердің практикалық сабақтарының тақырыптары мен тапсырмаларына және кәсіптік практикаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

АК төрағасы:



Ауезов Б.Н

Хатшы:



Ақтай Ж